

Ә. Е. Садықова, педагогика және басқару теориясы кафедрасының доценті, полиция подполковнигі (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ОБЪЕКТИВТІ ҚАЖЕТТІЛІК РЕТІНДЕ

Қазіргі кезеңдегі психологиялық педагогикалық әдебиеттер ғылыми-технологиялық процестің жетістіктері мен білім беру саласына «жаңа компьютерлік технологияларды» енгізуімен бірге келген «технология» деген ұғым жиі кездеседі. Ғылымда арнаулы технологиялық бағыт пайда болды. Бұл бағыт ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында АҚШ және Англияда пайда болды және қазіргі уақытта практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне тарады.

Педагогикалық іс-әрекет саласына «технология» деген сөздікті енгізу «индустриалдық» технология деген идеяға негізделген және ол оқытуда техникалық жабдықтарды қолданумен байланысты. Бұл бағытты бірқатар бұрынғы кеңестік үкіметтің аймағында ғалымдар (В. П. Беспалько, П. И. Пидкасистый және т. б.) қолдайды.

Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, оқытушы мен білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруды іздестіруде.

Осымен қатар педагогикалық технология оқытушылар мен білім алушылардың аз ғана күш жұмсап ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған.

Бірақ, егер материалдық әндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек әнімнің әсуіне әкелінетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша технологиялар оқытушы іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелінген конструкциялар ретінде жасалынады. Ғылыми әдебиеттердегі бар терминдер технологияны жасаушылардың дара жеке мәселелерге (проблемаларға) білім меңгеруге бағытталған оқу моделі жағына әлшем жасалған.

Қазіргі әскелең әмір талаптарына сай жастарға білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Білім беру — бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі².

Білім беру ісінің дамуы қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне әсер етеді, әр ұлттың ерекшеліктерімен сипатталады.

Қазақстан Республикасында жастарға білім беру процесі халқымыздың ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси әміріне негізделіп іске асырылады.

Білім беру мазмұны — жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені). Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың бағдарланатын кәсіпке дейінгі даярлығын жүзеге асыру үшін әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми, технологиялық және басқа да бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып саралау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

Техникалық және кәсіптік білім беру орта білім беру деңгейінің құрамдас бөлігі болып табылады және қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтердің негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет кәрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлауға бағытталған.

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары біліктілікті және (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесін бере отырып мамандар даярлауға, олардың кәсіптік даярлығының деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша оқуды аяқтап, «бакалавр» академиялық дәрежесі берілген адамдар біліктілік талаптары жоғары білімі болуды кәздейтін лауазымдарды атқара алады.

Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Кәп тараған анықтама В. П. Беспалько ұсынған: ол педагогикалық технология оқу мен тәрбие процесстерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер

жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық технология қол жеткен жетістіктерді сатылы әлшеу мен қорытынды бағалаудың объективті мүмкіншілігін жеткілікті дәрежеде сақтайтын мақсаттары мен тапсырылған оларға сәйкес ғылыми жобалардың болуын қалайды.

Г. М. Құсайыновтың есебінше педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа — ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру процесі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқытушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұнымен оқу жоспарымен бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады².

В. А. Слостенин бойынша педагогикалық технология деген — ол катал ғылыми жоспарлау және дәлірек айтқанда педагогикалық әрекеттің жетістігін қамтамасыз ететін елестету.

Қандайда болмасын технологияның негізгі бөлігі ол соңғы негізгі жетістікті толық анықтаумен оған жетуді дәлме-дәл бақылау болады. Негізінен, (әндіріс пен әлеуметтік аймақтағы) қарапайым процесс ол алдын ала жобаланған, өнімнің негізгі қасиеттері мен анықтаудың құралдары анықталғанда осы процесті жүргізу үшін жағдайлар мақсатта бір қалыптасып және ол «жіберілсе» ғана технология статусын алады.

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пән-дер циклін, базалық пәндердің циклін, бейіндеуші пәндердің циклін зерделеуді, сондай-ақ тиісті мамандықтар бойынша кәсіптік практикадан әтуді кәздейді. Пәндердің әрбір циклі міндетті құрамдас бөлікті пәндерден және таңдау бойынша құрамдас бөлікті пәндерден тұрады. Білім алушылардың таңдауы бойынша құрамдас бөліктен тұратын пәндер әрбір циклде міндетті құрамдас бөлікті пәндерді мазмұндық толықтыруы тиіс. Университеттер конкурс-тық негізде оқытудың жаңа сапалық жетілдірілген технологиялары, әдістері мен нысандары бар инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге құқылы.

Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын игеру мерзімі мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартымен айқындалады және кемінде 4 жыл болуға тиіс.

Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпаратты технологияларды жетілдіру болып табылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларының мазмұны: базалық және бейіндік пәндерді қамтитын теориялық оқытуды, практиканы, диссертация жа-за отырып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді кәздейді.

Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезектегі міндеті жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау болып табылатын, оны айрықша сала ретінде түсінуді кәздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беру қажет.

Жоғары білім берудің мақсаты — қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кенінен мүмкіндік беру.

Жаңа білім беру технологиясын іске асырудың қажетті шарты ретінде мынадай әдіснама-лық принциптерге міндетті түрде баса көңіл аудару аса маңызды⁴.

Барлық жасалған және қазіргі күнде адамның қолданып жүрген технологияларды екі түрге бөлуге болады: әндірістік және әлеметтік, әндірістік технологияларға үлгі ретінде табиғат шикізатын қайта әндеу технологиясы болады. Бұл жағдайда технология деп бастапқы материалды өнім «шығуында» белгілі бір алдын ала берілген қажеттерді бөліп алу мақсатымен қайта әндеу процесі деп аталады.

Әлеуметтік технология деп, онда бастапқыда соңғы нәтиже болатын адам болады, ал негізі оның қасиеттері болады. Әлеуметтік технологияға классикалық үлгі ретінде жұмысшылардың өз мамандықтарына оқыту қызмет етуі мүмкін. Әлеуметтік технология ол әндірісте қолданатын технологиядан принципіалды түрде өзгешілігі бар. Әлеуметтік технологиялар ұйымдастыру мен жүзеге асыру жағынан өте күрделі және оралымды. Әлеуметтік технология бұл өте жоғары деңгейдегі ұйымдастырылған технологиялар деуге болады, себебі адам әлеуметтік технологияның объектісі, ал ол өте тым көп жақтылы жүйе. Оған күші мен бағыты әр-

түрлі болатын соңы кәп сыртқы әсерлер ықпал етеді, кейде олар қарама-қайшы болады, осыған орай кәбінесе әсерлер қандай қаншалықты тиімді болатындығын алдын ала айтуға қиын. Сондықтан әлеуметтік технологияны әндірістік технологияның анықтамасында мүмкін болатындай белгілі бір дәл таңдап алынған процестердің жиынтығын деп айтуға болмайды. Әндірістік технологияны дамыту арқылы тым жоғары нәтижелерге жетуге деген ұмтылушылық білім беру саласында тастап кетпейді, аттап кетеді.

1 Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. — М., 1989.

2 Кусаинов Г. М. Новая педагогическая технология: методология, теория, практика. — Усть-Каменогорск, 1997.

3 Барсай Б. Педагогикалық технология ұғымының мәні мен әдіснамалық сипаттамалары // Бастауыш мектеп. — 1999. — № 8—9.

4 Шкутина Л. А., Танасейчук М. К. Развивающая профдиагностика и педагогические технологии. — Алматы, 2000.